

Бекітемін
Астана қаласы «Әдістемелік
орталық» МҚКК басшысы

С. Дауешова
«01» 07 2025 ж.

«Train your brain» қалалық зияткерлік олимпиадасының өткізілуі туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Train your brain» қалалық зияткерлік олимпиадасы (бұдан әрі – Олимпиада) «Global Scholars» халқаралық жобасын жүзеге асыратын Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің білім алушылары арасында өткізіледі.

1.2. Осы ереже олимпиаданы өткізу мерзімін, тәртібін және шарттарын айқындайды.

1.3. Олимпиаданы дайындау мен өткізуді ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

2.1. Олимпиада:

- жобадағы жалпы білім беретін мектептер білім алушыларының зияткерлік және шығармашылық әлеуетін дамыту мен жүзеге асыруға;

- білім алушылардың бойында экологиялық сана мен мәдениет негіздерін қалыптастыруға;

- білім алушылардың эрудициясын, логикалық ойлауын, тілдік құзыреттілігін дамытуға бағытталған.

3. Олимпиада қатысушылары

3.1. Олимпиадаға қатысуға «Global Scholars» жобасын жүзеге асыратын Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің 5-7 сынып білім алушылары (10-13 жас аралығындағы) шақырылады.

3.2. Өтінімді 2025 жылғы 30 наурызға дейін желілік жоба үйлестірушісі №87 мектеп-гимназияның ағылшын тілі пәні мұғалімі Жанбуршина Камила Уалихановнаға (моб. тел. 87471165802), czhanburshina@gmail.com және r.shayahanova@astana-modern.edu.kz электронды поштасына жіберу қажет. Барлық сұрақтар бойынша 87788472747 мобильді телефонына (Шаяханова Роза Ақпановна) хабарласуға болады.

Команда құрамы 5 адамнан аспауы керек. Команда құрамының капитаны белгіленіп, алдын ала мәлімет сұраныспен бірге жіберілуі қажет (1-қосымша), олимпиада барысында қатысушылар тізімін өзгертуге болмайды.

4. Олимпиаданың кезеңдері мен өткізілу тәртібі

4.1. Олимпиада 2 кезеңнен тұрады.

- 1-кезең (іріктеу): **Digital project**: Команда мүшелері «Sustainable City and Community» («Тұрақты қала мен қоғам») тақырыбына ағылшын тілінде алдын ала

 

түсірілген 3-5 минуттық бейнеролик ұсынады. Бейнероликті өтінішпен бірге 2024 жылғы 30 наурызға дейін czhanburshina@gmail.com, және r.shayahanova@astana-modern.edu.kz электронды поштасына жіберіледі. 1 кезеңнен өткен қатысушылар олимпиаданың 2-кезеңіне шақырылады (Тізім мектептердің эл. поштасына 2025 жылдың 17 сәуіріне дейін жіберіледі).

4.2 Бейнематериалдың мазмұны:

Қатысушылар қаланың және қоғамның тұрақты даму мәселесін түсінетіндігін көрсетеді. Олар тұрақты қала үшін маңызды элементтерді көрсетуі керек, мысалы: қолжетімді тұрғын үй, көлік, білім беру және денсаулық сақтау, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану, қалдықтарды басқару.

4.3 Бейнематериалға қойылатын техникалық талаптар:

- олимпиада бейнероликтері электронды форматта, MP4 форматында ұсынылады;
- бейнероликтің ұзақтығы – 5 минут;
- монтаждау кезіндегі бағдарламалық жасақтама қатысушылар қарауына қарай қолданылады;
- фондық дауыстық және титрлік сүйемелдеуге рұқсат етіледі;
- плагиат анықталған жағдайда жұмыс қабылданбайды.

4.4 Ұсынылатын материалдың критерийлері:

- олимпиада тақырыбының ашылу деңгейі;
- бейнероликтің өзіндік ерекшелігі (идея жаңашылдығы);
- ақпараттылық (материал тереңдігі, логикалық байланысы);
- дыбыстық сүйемелдеудің, бейнеэффектілердің болуы;
- автордың тіл мәдениетін ұстануы, тілдік және тілдік емес көркемдеуіш құралдарды пайдалану, сөйлеудің фонетикалық мүшеленуі, анық дикция.

- «Global Leaders» («Жаһандық көшбасшылар») олимпиадасының 2-кезеңі ағылшын тілінде өтіп, 4 кезеңнен тұрады. Осы кезеңде «Train your brain» («Миыңызды жаттықтырыңыз») тақырыбында интеллектуалды ойындардың әр түрі қамтылады.

4.5. Әр сұрақты талқылауға 2 минут уақыт беріледі. Жауаптар интернетке қосылған смартфон арқылы, сондай-ақ арнайы бланкілер арқылы қабылданады. Әрбір дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі. Кезеңнің әр кезеңінен кейін нәтижелер шығарылады. Команданың нәтижесі сұрақтарға дұрыс жауаптардың саны бойынша анықталады.

4.6. Төрт кезеңнің қорытындысы бойынша барлық олимпиаданың қорытындысы шығарылып, жиналған ұпайлар сомасы бойынша жеңімпаз анықталады.

4.7. Егер 4-кезеңнен кейін жүлдеге үміткер командалардың дұрыс жауаптарының саны тең болса, жеңімпаз қосымша блиц кезеңнің нәтижесімен анықталады.

4.8. I-кезең. «Meet and Greet!» (3-5 минутта команданың өзін-өзі ағылшын тілінде таныстыруы);

- II-кезең. «A wise and insightful leader». («Даналы әрі терең ойлы көшбасшы»). (Әр команда капитандары берілген сұрақтарға дұрыс жауап таңдау арқылы онлайн квест өтеді. Олар интернетке қосылған смартфон арқылы жауап береді);

- III-кезең. «Cross – check your memory». («Өзінді тексер»). (Команда қатысушыларына 3 ашық және 2 жабық сұрақтан тұратын тестік тапсырмалар беріледі, Қатысушылар 5 минут көлемінде жауап береді);

- IV-кезең. «Home task: As good as new». («Үй тапсырмасы: Мінсіз күйде»). (Қатысушылар алдын ала үйде дайындаған қайта пайдалануға, қалпына келтіруге

немесе қайта өңдеуге болатын объектілер, материалдар немесе өнімдерді таныстырады). Жоба презентация, макет, қайта өңделген материал немесе қалпына келтірілген заттар түрінде болуы мүмкін.

4.9 Олимпиаданың 2-кезеңі критерийлері:

- Жобаның өзіндік ерекшелігі;
- ақпараттылығы (материал тереңдігі, логикалық байланысы);
- жобаның дизайны және креативтілігі;
- сөйлеу тілінің ұйымдастырылуы: бір тақырыптан екінші тақырыпқа жүйелі ауысуы, монологтың барлық бөліктерінің реттілігі.

5. Олимпиаданың өткізілу орны мен уақыты

5.1. Олимпиаданың 2-кезеңі 2025 жылғы 25 сәуірде сағат 09.30-да өткізіледі.

Қатысушылардың тіркелуі сағат 9.00-ден 9.30-ға дейін жүргізіледі. Міндетті шарт – қатысушылардың интернетке қосылған смартфон болуы керек.

5.2. Олимпиаданың өткізілу орны: Астана қ., І.Омарова, 14, Астана қаласы әкімдігінің «№81 Astana English School» халықаралық мектеп» КММ.

6. Олимпиаданың өткізілу және ұйымдастырылу тәртібі

6.1. Олимпиаданың әдістемелік кеңесі:

- Олимпиаданың ұйымдастырылу мен өткізілу талаптарын жасап және бекітіп, олимпиада ұйымдастырушыларына жібереді;
- тапсырмалар құрастырады;
- олимпиада тапсырмаларын ұсынып, олардың құпиялығы үшін жауапкершілікті алады.

6.2. Қатысушылар орындаған тапсырмаларды объективті тексеру үшін комиссия құралады. Олимпиаданың барлық кезеңінде комиссия:

- бағалаудың бекітілген әдістері мен критерийлеріне сай орындалған тапсырмаларды бағалайды;
- олимпиада кезеңдерінің белгіленген критерийлеріне сәйкес жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;
- ұйымдастырушыларға олимпиада нәтижелерін ұсынады.

6.3. Комиссия құрамына жобадағы мектептердің ағылшын тілі пәні мұғалімдері кіре алады. Комиссия құрамына Олимпиадаға қатысушы білім алушылары бар педагогтер кірмейді.

7. Олимпиаданы қорытындылау

7.1. Олимпиада жеңімпазы ең көп дұрыс жауаптар саны бойынша анықталады. Олимпиаданың қорытындысы әр кезеңде топтардың жинаған ұпайларын шығару арқылы шығарылады.

8. Марапаттау

8.1. Жүлделі орындарға ие болған командалар мен жетекші педагогтер Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК-ның 1,2,3 дәрежелі дипломдармен марапатталады.

**«Train your brain»
зияткерлік олимпиадасына қатысу өтінімі**

Команда атауы:

Команда капитаны (ТАӘ, лауазымы):

Байланыс мәліметтері:

№	Қатысушы оқушының аты-жөні	Сыныбы
1	Команда капитаны -	
2		
3		
4		
5		

«Train your brain» зияткерлік олимпиадасын өткізу туралы Ережемен таныстым.

« ____ » _____ 2025 г.

Өтінім беру күні

Подпись
« ____ » _____ 2025 г.

Білім беру ұйымының басшысы

Қолы